ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 6 мамыр №4712-24-00-2/867 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы С.А.Жаукеннің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «29011 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «АкылТранс» басшысы Исабаева Фарида Лукпановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

прокурор Е.Нурбергенов
талап қоюшының өкілі Н.Асылбеков
жауапкердің өкілі А.Есенаманов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 18 қаңтарда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №30 келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер Шартқа қол қойғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жалпы сомасы 772 176 теңге құрайтын, теңіз кемелері үшін теңіз кемелерінің дизель-генераторларының қақпағын (әрі қарай -Тауар) жеткізуі тиіс.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 14 671 теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап қоюды мойындамай, техникалық ерекшелігінде тауар дұрыс көрсетілмеуіне байланысты тауарды жеткізу мүмкіндігі болмағанын ескеріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытындысын берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес, шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасының талаптарына сәйкес, жауапкер тауарды 2024 жылдың 16 ақпанына дейін жеткізуге міндеттенген.

Алайда жауапкермен өз міндеттемелері орындалмады. Бұл мән-жай тауарды алу-беру актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

Сонымен қатар, жауапкердің өкілі сот отырысында осы мән-жайды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Жауапкердің Шарттың техникалық ерекшелігінде тауар дұрыс

көрсетілмеген деген уәждері негізсіз, өйткені тауардың барық сипаттамасы техникалық ерекшелігінде толық көрсетілген.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Сонымен қатар, тараптар арасында жасақталған шарттың 7.3. тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшымен тұрақсыздық айыппұл 14 671 теңге есептелген, алайда бұл есеп дұрыс емес.

Шарт бойынша жауапкер тауарды 2024 жылдың 16 ақпанына дейін жеткізу тиіс болған, талап қоюшы сотқа 2024 жылдың 5 наурызында жүгінген, яғни 17 күн үшін тұрақсыздық айыбы - 13 127 (772 176 х0,1%) х 17) теңге құрайды.

Істің мұндай жағдайында, сот талап қоюшының мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 240 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «29011 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «АкылТранс» басшысы Исабаева Фарида Лукпановнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АкылТранс» басшысы Исабаева Фарида Лукпановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «АкылТранс» басшысы Исабаева Фарида Лукпановнадан мемлекет пайдасына 13 127 (он үш мың бір жүз жиырма жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 240 (екі мың екі жүз қырық) теңге мемелекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Көшірмесі дұрыс
Судья А.О.Аташева

Анықтама
Шешім заңды күшіне 26 шілде 2024 жылы енді

Судья А.О.Аташева